



## Орта білім берудегі оқу жетістіктерін сырттай бағалау бойынша геометрия пәнінен тест спецификациясы

Құжат Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, Жалпы білім беру ұйымдарына білім беретін пәндердің оқу бағдарламасына және Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес әзірленді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2014–2016 жылдарға арналған ұлттық іс-кимыл жоспары негізінде Ұлттық тестілеу орталығында 2013-жылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалауға арналған тест тапсырмалары базасы қалыптастырылды.

**1. Мақсаты:** 9-сынып оқушыларының геометрия пәні бойынша дайындық деңгейі мен функционалдық сауаттылықтарының қалыптасқандығын бағалау.

**2. Тест мазмұны:** Тест тапсырмаларының қындығы 3 деңгейде беріледі: бірінші деңгейде – 21, екінші деңгейде – 12, үшінші деңгейде – 7 тапсырма.

Геометрия пәні бойынша тест тапсырмалары Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде жасалған оқу бағдарламасына сай күрастырылған.

| <b>№</b> | <b>Бөлім</b> | <b>№</b> | <b>Тақырып</b>  | <b>№</b> | <b>Тақырыпша</b>   |
|----------|--------------|----------|---|----------|--|
| 08       | Планиметрия  | 01       | Нұктес. Түзу. Бұрыш. Ушбұрыштар: үшбұрыштардың түрлері, қабыргалар мен бұрыштардың арасындағы қатыстар, сыртқы бұрыш, теңдік және ұқсастық, тамаша нұктелер | 01       | Нұктес. Түзу. Бұрыш. Ушбұрыш. Биіктік, медиана, биссектриса, үшбұрыштың тамаша нұктелері |
|          |              |          |   | 02       | Теңқабыргалы ушбұрыш   |
|          |              |          |   | 03       | Тенбұйрлі ушбұрыш  |
|          |              |          |   | 04       | Тікбұрышы үшбұрыш  |
|          |              |          |   | 05       | Ушбұрыштардың ұқсастығы, үшбұрыштардың тендігі, үшбұрыштың элементтерін табу             |
|          |              |          |   | 06       | Ушбұрыштарға берілген аралас есептер   |
|          |              | 02       | Төртбұрыштар: параллелограмм, тіктөртбұрыш, ромб, квадрат, трапеция   | 01       | Параллелограмм, оның қасиеттері  |
|          |              |          |   | 02       | Тіктөртбұрыш, оның қасиеттері  |
|          |              |          |   | 03       | Ромб, оның қасиеттері  |
|          |              |          |   | 04       | Квадрат, оның қасиеттері   |
|          |              |          |   | 05       | Трапеция және оның қасиеттері  |
|          |              |          |   | 06       | Төртбұрыштарға берілген аралас есептер   |
|          |              | 03       | Шеңбер: центр, хорда, диаметр және радиус. Іштей сзызылған бұрыш. Центрлік бұрыш. Шеңбердің ұзындығы және доданың ұзындығы                                  | 01       | Шеңбердің элементтерін табуға берілген есептер   |
|          |              |          |   | 02       | Шеңберге іштей сзызылған бұрыштарға берілген есептер. Центрлік бұрыш                     |
|          |              |          |   | 03       | Шеңбер ұзындығы, доданың және хорданың ұзындығы  |
|          |              |          |   | 04       | Формулаларды қолдануға берілген аралас есептер   |
|          |              | 04       | Аудандарды есептеу: үшбұрыштың,   | 01       | Тікбұрышы үшбұрыштың ауданы  |
|          |              |          |   | 02       | Тенқабыргалы үшбұрыштың ауданы   |

|  |    |  |    |  |
|--|----|--|----|--|
|  |    | тіктөртбұрыштың, параллелограмның, ромбың, квадраттың, трапецияның. Дөңгелектің, сектордың және сегменттің аудандары | 03 | Кез келген үшбұрыштың ауданы   |
|  |    |  | 04 | Төртбұрыштардың аудандары  |
|  |    |  | 05 | Формулаларды қолдануға бөрілген аралас есептер   |
|  |    |  | 06 | Дөңгелектің және оның бөліктерінің аудандары.  |
|  |    |  | 07 | Дөңгелектің ауданына және жазық фигуralардың аудандарына берілген аралас есептер   |
|  | 05 | Дөңес көпбұрыштар. Үшбұрыштар  | 01 | Дөңес көпбұрыштар. Үшбұрыштар  |
|  |    |  | 02 | Шеңберге іштей және сырттай сыйылған көпбұрыштар   |
|  |    |  | 03 | Аралас есептер   |
|  | 06 | Теоремаларды қолдану: Пифагор, косинустар, синустар теоремалары  | 01 | Пифагор теоремасымен шығарылатын есептер   |
|  |    |  | 02 | Синустар теоремасымен шығарылатын есептер  |
|  |    |  | 03 | Косинустар теоремасымен шығарылатын есептер  |
|  |    |  | 04 | Аралас есептер   |
|  | 07 | Векторларға амалдар қолдану  | 01 | Векторларды қосу және азайту, вектордың ұзындығы, вектордың координаттары  |
|  |    |  | 02 | Векторды санға көбейту, векторлардың коллинеарлығы   |
|  | 08 | Векторлардың скаляр көбейтіндісі   | 01 | Векторлар арсындағы бұрыш және оның косинусын есептеу  |
|  |    |  | 02 | Векторлардың скаляр көбейтіндісі   |
|  |    |  | 03 | Аралас есептер   |
|  | 09 | Планиметрия есептерінде векторларды және координаттар әдісін қолдану   | 01 | Векторларды планиметрия есептерінде қолдану. Кесіндінің ұзындығы, кесіндіні берілген қатынаста бөлу. Кесіндінің ортасы. Тұзудің тендеуі. Шеңбердің тендеуі |

### 3. Тест жоспары:

Планиметрия – 40 тапсырма

#### 4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Оку бағдарламасы бойынша оқушылар геометрия курсынан менгеруі тиіс:

- бұрыш, бұрыштың градустық өлшемі және оның қасиеттері, геометрияның аксиомалары, бұрыштың биссектрисасы, теорема, сыйбайлас және вертикаль бұрыштар және олардың қасиеттері, бұрыштарды табу үшін тендеулерді құра білу, сыйбайлас, вертикаль бұрыштардың, параллель түзулерді қиошымен қигандағы бұрыштардың қасиеттерін пайдалану;

- тең бүйірлі, тік бұрышты, тең қабыргалы үшбұрыштардың қасиеттерін, үшбұрыштың орта сыйығы туралы теореманы, тендіктер белгісі туралы теорема және ұқсас үшбұрыштардың қасиеттерін пайдалану. Пифагор теоремасын қолдана білу, косинус және синус теоремаларын пайдаланып, үшбұрыштардың элементтерін табу;

- төртбұрыштың, дөңес төртбұрыштың анықтамаларын, төртбұрыштың ішкі бұрышарының қосындысы туралы теореманы, параллелограмның анықтамасын және оның элементтерін, параллелограмның қасиеттері мен белгілерін, тіктөртбұрыштың, ромбың және квадраттың анықтамаларын, белгілерін және қасиеттерін, Фалес теоремасын, пропорционал кесінділер туралы теореманы, трапецияның, теңбұйрлі және тікбұрышты трапециялардың анықтамалары;

- дұрыс көпбұрыштың тәбесіндегі бұрыштарды табу, дөңес п-бұрыштың бұрыштарының қосындысын және дұрыс п-бұрыштың бұрыштарын, бұрыштарының қосындысы бойынша дұрыс көпбұрыштың қабырғаларының санын табу, п-бұрыштың ішкі және сыртқы бұрыштарының қосындысын, қабырғаларының санын, дұрыс п-бұрыштың төбелерінің санын таба білу;

- шеңбердің ұзындығы, дөңгелектің ауданы, шеңбер дөгасы, сектордың ауданы және сегментін табу формулаларын пайдалана білу. Шеңберге орталық және іштей сызылған бұрыштар турали теоремаларды пайдалану;

- екі нүктенің ара қашықтығы, кесіндінің ортасының координатасы, түзудің тендеуін және шеңбердің тендеуін құру;

- вектордың ұзындығын, вектордың координаттарын, вектордың скаляр көбейтіндісін, векторлардың қосындысын және айырмасын, вектордың коллинеарлығының қасиетін және екі вектордың перпендикулярлығын табу.

#### **5. Тапсырмалар формасы:**

Тест бір дұрыс жауапты (берілген бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдау) 25 тапсырмадан және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты 15 тапсырмадан тұрады.

#### **6. Жеке тапсырмалар мен жалпы жұмысты бағалау:**

Дұрыс орындалған бір дұрыс жауапты тест тапсырмасы үшін оқушы 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмада – 0 балл алады.

Дұрыс орындалған бір немесе бірнеше дұрыс жауапты тест тапсырмасы үшін оқушы 2 балл, бір қате үшін – 1 балл, екі және одан да көп қате үшін – 0 балл алады. Толық тест бойынша максималды балл – 55.

ҰТО директоры

 Р. Элімқұлов